


«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮҚІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
**ОРАЛ ҚАЛАЛЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР
КАДАСТРЫ БӨЛІМІ**
« 29 » 03 2023 ж.
ЖАРҒЫҒА
« 21 » 11 2022 ж.
Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тіркелген
№ 3142 - 7926 - КҚ - 517 куәлік
« 21 » 11 2022 ж.
Алғашқы тіркелген күні
99084002079 БСН

2023 жылғы « 13 » маусым № 237

Батыс Қазақстан облысы
білім басқармасының
бұйрығымен бекітілген



Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
Орал қаласы білім беру бөлімінің
«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар

1. 9 тарау «Кәсіпорынды басқару»:

83 тармағы 83.1, 83.2, 83.3, 83.4, 83.5, 83.6, 83.7, 83.8 тармақшаларымен келесі
редакцияда толықтырылсын:

83.1 «Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес,
кәсіпорынның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын байқау кеңесі –
басқару органы құрылады.»

83.2 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау
кеңесі мүшелерінің саны тақ сан болуға әрі бір-бірімен және шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық және
жекжаттық қатынастарда болмайтын кемінде бес адамнан құралуға тиіс. Байқау
кеңесінің мүшелері шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын
қызметкерлерінің штатына кірмейді.»

83.3 «Байқау кеңесінің төрағасы байқау кеңесі мүшелері арасынан байқау
кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады.»

83.4 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау
кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі байқау кеңесі
мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы байқау кеңесінің шешіміне
сәйкес байқау кеңесі мүшесінің жазбаша өтініші негізінде мерзімінен бұрын
тоқтатылуы мүмкін.»

83.5 «Тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) байқау
кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауды жүзеге асырады. Тиісті саланың уәкілетті
органы (жергілікті атқарушы орган) байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау
қорытындылары бойынша байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу туралы
шешім қабылдайды. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның
басшысына және байқау кеңесінің мүшелері болып табылатын мемлекеттік
қызметшілерге сыйақы төленбейді. Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты есебінен
төленеді.»

83.6 «Байқау кеңесінің хатшысы шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік кәсіпорынның қызметкері болып табылады және байқау кеңесінің
мүшесі болып табылмайды. Байқау кеңесінің хатшысы байқау кеңесіне есеп береді,
оның отырыстарын дайындау мен өткізуді, отырысқа материалдар ресімдеуді
қамтамасыз етеді және байқау кеңесі мүшелерінің отырыстар материалдарына
қолжетімді болуын қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізеді. Байқау кеңесі

хатшысының құзыреті мен қызметі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі құжаттарында айқындалады.»

83.7 «Байқау кеңесінің мүшелері өздерінің іс-әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) кәсіпорынның залалға ұшырауына әкеп соқтырған зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын мен тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) алдында жауаптылықта болады. Байқау кеңесінің мүшелері, егер байқау кеңесі қабылдаған, кәсіпорынның залалға ұшырауына әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады.»

83.8 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің өкілеттіктері, байқау кеңесінің отырыстарын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес айқындалады.»